

Сабақтың тақырыбы:

“Бата беру”



Тіл дамыту

Сұрақ – жауап (мұғалім – оқушылар)

- Бата дегеніміз не?
- Бата- көркем сөзбен, кейде өлеңмен айтылатын, ақ ниет, жақсы тілек.
- Батаны кім береді?
- Батаны жасы үлкен ақсақалдар мен дана әжелер береді
- Батаның қандай түрлері бар?
- Ас батасы, жол батасы, Рамазан батасы, тілек- бата.
- Ас батасы қашан беріледі?
 - - Ас батасы тамақ ішіліп болған соң беріледі.
 - - Тілек-бата кімдерге, қашан беріледі?
 - - Үлкендер жастарға риза болғанда, реті келген жерде береді.
- Батаның қандай пайдасы бар?
 - - Бата адамға күш береді, жол ашады.



Жалқы және жалпы есім

(имена собственные и нарицательные)

Зат есім- заттың атын білдіретін сөз табы. Сұрақтары -кім?, не?

Зат есімдер мағынасына қарай *жалқы* және *жалпы* есім болып бөлінеді.

Жалқы есім адамның, қаланың, жан-жануарлардың, шығармалардың, тау- өзендердің атауы. Мысалы: Алматы, Айсұлу, Есіл, Ақтөс, Алатау, Тайга т.б

Ал, жалпы есім заттардың ортақ, жалпы атын білдіреді. Мысалы: мектеп, кітап, оқушы, тау, өзен, қала, ағаш,гүл.

Оқулықтан, 9 бет, ережені оқып, танысамыз



Сөздікпен жұмыс

(жаңа сөздерді оқимыз, жаттаймыз)

- Ақсақал, қария, қарт – старейший
 - сыйлау, құрметтеу - уважать
 - Тілек айту, бата беру – дать благословление
 - Ардагер, соғыс ардагері - ветеран
 - Риза болу – быть довольным
 - Отбасы, жанұя- семья
 - Туыс, ағайын - родственники
- сыпайылық – вежливость
тілек- бата – благословления- пожелание



Төле бидің батасы

- Бір үйдің баласы болма,
- Көп үйдің санасы бол.
- Бір елдің атасы болма,
- Бар елдің данасы бол.
- Бір тонның жағасы болма,
- Көп қолдың ағасы бол.
- Өзіңе – өзің кәміл бол
- Халқыңа әділ бол!
- Жауыңа қатал бол
- Досыңа адал бол!

“Үлкендерге қалай көмектесесің?” кластер толтыру



Үй жұмысы

1. Жаңа сөздерді жаттау, сөздік дәптерге көшіру;
2. 22 бет, мәтінді түсініп оқу, қарамен жазылған сөздерді аудару;
3. 23 бет, 5-тапсырма, жазбаша

